



Құттықтаймыз!



«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз»

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Жастар акциясы



Өңірлік волонтерлік қызметтің іске асырылуына қосқан үлесі мен облыстық қайырымдылық жастар акциясына қатысқаны үшін Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Б.Мурбековтың алғыс хатымен колледждің студенттері марапатталды: С.Сейтхан 105-топ, А.Абилов 105-топ, Ш.Бегалиева 105-топ, Д.Перзентбай 215-топ, А.Амангельдиева 207-топ, Е.Тілеген 105-топ, Ә.Қабылов 105-топ, І.Кержан 207-топ, Д.Тұрсынбай 105-топ. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.



14.03.2019 ж. «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облысы филиалы және Мемлекеттік кірістер департаментінің ұйымдастыруымен өткізілген «Чекті талап ет – сыйлықты ұтып ал!» атты акциясына белсене қатысып, облыс аумағындағы тұтынушылардың құқығын қорғау, кәсіпкерлікті адал бәсекелестікке ынталандыру, қызмет көрсету сапасын арттыру, көлеңкелі экономика көлемін азайту арқылы республикалық және жергілікті бюджетке салық түсімін ұлғайтуға қосқан үлесі үшін Жамбыл медициналық колледжінің «Жас Отан» Жастар қанаты бөлімше көшбасшысы 207-топ студенті Д.Омар және бөлімше мүшелері алғыс хат және қаржылай сыйлықпен марапатталды. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.


Сенбілік



26.02.19 ж. Тараз қаласы әкімдігінің №742 қаулысымен 2019 жылдың 1-наурызы мен 1-мамыры аралығында Тараз қаласы аумағында абаттандыру және санитарлық тазалық жөніндегі көктемгі екі айлығы аясында 15-16 наурыз күндері колледжде сенбілік өтті. Сенбілік барысында бекітілген аумақтарды Ниетқалиев көшесі 20, Пушкин көшесі 22, Қ.Рысқұлбеков атындағы саябағы, Жамбыл даңғылы, Сүлеймен көшесінен Ниетқалиев көшесіне дейін (оң жақ беті), ТМЗ аумағы, Төле би даңғылының аяғы, айналма жол аумағы сыпырылды, қоқыстардан тазартылды, тал түптері өктелді, тал егілді.



Жамбыл облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің ұйымдастыруымен «24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне» орай өткізілген «Туберкулезбен күресуге өз үлесінді қосатын уақыт келді» атты айлығына белсенді атсалысқаны үшін Жамбыл медициналық колледжінің ұжымын Жамбыл облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері Қ.Қ. Жетібаев алғыс білдіре отырып, тәрбие мен білім бәйгесінде әркашанда алдыңғы қатардан көрінуіне тілектес болды.




«Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өткізілген 22 наурыз мерекесіне орай «Бірлігі мықты жастар – болашаққа жол бастар» атты жастар арасындағы квест ойынында Жамбыл медициналық колледжінің «Жас алаш» тобы жүлделі ІІІ орынды иеленіп арнайы дипломмен марапатталды.



14.03.2019 ж. №9 Меркі колледжі «Жастар жылын» қолдау мақсатында «Жастық шақ – өмірімнің гүл көктемі!» атты колледжаралық студенттері арасында жас ақындар айтысына «Мейіргер ісі» 307 топ студенті А.Қуат қатысып, Бас жүлдемен марапатталды.



14.03.2019 ж. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2019 жыл – Жастар жылына» және 22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне орай №4 Жалпы білім беру және ізгілендіру ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен колледждің І – ІІ курс студенттері арасында «Асық, шекемтас және қол күрестен» жарыс өтті. Мақсаты: колледж студенттері арасында ұлттық ойын түрлерін дамыта отырып, дене шынықтыруымен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту. Жарыс нәтижесі бойынша Бес тас (шекемтас) ойынынан І орын Сейтжанова А. 106 топ, ІІ орын Сартмырзаева Т. 306 топ, ІІІ орын Ортай А. 206 топ. Қол күрес (қыздар арасында) І орын Қамбарбекова А. 101 топ, ІІ орын Шыңқожа А. 203 топ, ІІІ топ Смиркова В. 220 топ. Қол күрес (ұлдар арасында) Ахмедов Ш. 214 топ, ІІ орын Пак Д. 318 топ, ІІІ орын Аюпов Б. 318 топ. Асық ату І орын Серік Ә, ІІ орын Ерасы С, ІІІ орын Амантаев Б. 221 топ. Жүлделі орын алған жеңімпаздарға мақтау қағаздарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.



18.03.2019 ж. «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесіне орай тәрбие ісінің меңгерушісі Л.Мейрманова, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова, жастар ісі жөніндегі төрайымы Д.Уркимбаева және белсенді студенттердің ұйымдастыруымен «Наурыз – 2019» тақырыбында фестиваль өткізілді. Фестивальда «Мейіргер ісі» 108 топ орыс (кураторы Орынбек С.А.), «Мейіргер ісі» 109 топ (кураторы Қоканова А.Ж.), «Емдеу ісі» 112 топ өзбек (кураторы Таңат Г.Б.), «Емдеу ісі» 218 топ татар (кураторы Байбосынова К.Ж.), «Емдеу ісі» 220 топ украин (кураторы Чиналиев Т.Н.), «Емдеу ісі» 221 топ грузин (кураторы Токсанбаева Д.Н.), «Фармация» 222 топ ұйғыр (кураторы Ахметова Ұ.М.), «Фармация» 223 топ түрік (кураторы Кимасова Л.В.) ұлттарының өнерлерін паш етті. Сонымен қатар колледждің белсенді студенттері ұйымдастыруымен қалалық «Наурыз – 2019» іс-шарасына белсенді қатысты.



19.03.2019 ж. «Жас Отан» Жастар қанаты және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаеваның ұйымдастыруымен 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Наурыз тойы мерекем, салт-дәстүрім берекем!» атты ұлттық салт-дәстүрлерден сахналық көрініс көрсету байқауында колледждің жас отан мүшелері «Абзал жандар» тобы ІІІ орынды иеленіп, дипломмен марапатталды.

ҚР медициналық колледждері түлектерінің арасындағы «Үздік фармацевт - 2019» республикалық сайысы

03.04.2019 ж. Жамбыл медициналық колледжі Қазақстан медициналық колледждері одағының келісімімен және «Фармация» мамандығы оқу-әдістемелік бірлестігінің бекітуімен Республикалық «Үздік фармацевт - 2019» сайысы өтті. **Сайыстың мақсаттары:** «Фармация» мамандығы бойынша медициналық колледждердің түлектерінің кәсіби дайындықтарының сапасын бағалау. Іс-шара «Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК директоры Сарыбекова Жәмиля Нұрғалиқызының құттықтау сөзімен басталды. Байқауға Республиканың Шымкент, Қостанай, Атырау, Семей, Түркістан, Нұр - Сұлтан, Көкшетау, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Қызылорда, Қарағанды, Алматы, Талдықорған қалаларынан 16 колледж студенттері қатысты. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының орынбасары Жамалов Т.С. қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар сайысқа шақырылған қонақтар Байзақ ауданының, Тараз қаласының құрметті азаматы Коңырова С. К., ТОО «Галеника» директоры Аккулиева К.О. «Қоныс Б» ЖШС директоры Бүркітбаева Л.Б. **Сайыс нәтижесі бойынша:** І орын - Абдықадырова Л.Г. Шымкент жоғары медициналық колледж студенті, ІІ орын - Муртазаева А.Ж. Қарағанды медициналық колледж студенті, ІІІ орын - Куанова Л. Ж. Орал медициналық колледж студенті, **Номинация бойынша:** «Көрермендер көзайымы» Мұсағалиева А.А. Атырау медициналық колледж студенті, «Үздік технолог» Бородкина Д. Көкшетау жоғары медициналық колледж студенті, «Үздік фармаколог» Деркач А.В. Ақтөбе жоғары медициналық колледж студенті, «Дәрілік өсімдік білгірі» Житина Э.А. Солтүстік Қазақстан медициналық колледж студенті, «Үздік фармация ұйымдастырушысы» Иманкулова К. Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледж студенті. Барлық қатысушыларды марапаттап, жетекшілеріне алғыс білдіре отырып, сыйлықтар табысталды.





Ашық сабақ

«Үздік медбике-2019» кәсіби сайысы



26.03.2019 ж. «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушылары А.Т.Парманова, А.Р.Байбулекованың ұйымдастыруымен колледждің Б корпусының мәжіліс залында «Мейіргер ісі» мамандығы IV курс студенттері арасында «Үздік медбике - 2019» кәсіби сайысы өтті. Сайыстың

мақсаты: студенттердің түрлі ағзалар мен жүйелердің бұзылыстары кезінде науқасқа дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсету тапқырлығын анықтау. Жарыс нәтижесі бойынша:

I дәрежелі диплом жеңімпазы «Мейіргер ісі» бөлімі 407 топ студенті Қасымова Сара. Республикалық байқауға жолдама алды.

II дәрежелі диплом «Мейіргер ісі» бөлімі 409 топ студенті Әбдіқадырова Айнұр.

II дәрежелі диплом «Мейіргер ісі» бөлімі 404 топ студенті Жауабек Назерке.

III дәрежелі диплом «Мейіргер ісі» бөлімі 404 топ студенті Елубай Нұрай марапатталып, сыйлықтар табысталды.

«Жедел жәрдемнің үздік бригадасы» кәсіби сайысы



27.03.2019 ж. «Ішкі аурулар» пәнінің оқытушылары А.Б.Әріпбай, А.Қ.Қоқанбаеваның ұйымдастыруымен колледждің Б корпусының мәжіліс залында «Емдеу ісі» мамандығы, «Фельдшер» біліктілігі IV курс студенттері арасында болашақ фельдшердің

теориялық және тәжірибелік дағдыларының сапасын тексеру және әр түрлі төтенше жағдайда олардың тез арада шешім қабылдап, жедел жәрдем көрсете білу қабілеттерін тәжірибе жүзінде көрсету мақсатында «Жедел жәрдемнің үздік бригадасы» кәсіби сайысы өтті. Жарыс нәтижесі бойынша:

Бас жүлде «Авиценна» тобы «Емдеу ісі» 416 топ студенттері Нұржанқызы А, Сахмолдинова Д.

I орын «Адреналин» тобы «Емдеу ісі» 415 топ студенттері Абдықаппарова Н, Тилепбай Н

II орын «Болашақ» тобы «Емдеу ісі» 401 топ студенттері Жақсыбек А, Сарсенбаева Г.

III орын «Гиппократ» тобы «Емдеу ісі» 422 топ студенттері Рысбек Д, Ермаханбет А марапатталып, сыйлықтар табысталды.



11.03.2019 ж. «№3 арнайы пәндер ЦӘК мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы Г.С.Токкулиева «Емдеу ісі» бөлімінің 212 топ студенттерімен «Қарапайым физиотерапия» тақырыбында ЦӘК ішілік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге қарапайым

физиотерапия емшараларын іс-тәжірибе барысында өткізу әдістемесін, техникаларын дұрыс жасай білуді дамыту, туындайтын асқынулар және қауіпсіздік ережелерін сақтауды таныстырып, түсіндіру. Медициналық сүліктерді қолдануды үйрету, пайдаланған сүліктерді жоюды көрсету. Озокеритті, парафинді қолдану көрсетімдері мен қарсы көрсетімдерін түсіндіру. Озокеритті, парафинді қолдану әдістерін, туындайтын асқынулар және қауіпсіздік ережелерін сақтауды таныстырып, түсіндіру. Сабақ мақсатына жетті.

Қоғамдық қабылдау



13.03.2019 ж. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Усенов, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ ЮПБ аға инспекторы, полиция капитаны А.Жақсығұлов, колледж

заңгері Т.Нышанбеков, колледж психологтары А.Оскенбаева, Н.Мұхамодиева, А.Жаманкулова және әлеуметтік педагог А.Буксукбаеваның қатысуымен жастарға сапалы тегін құқықтық, әлеуметтік, психологиялық кеңес беру мақсатында қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды.



15.03.2019 ж. «Тағзым» күніне орай Тыл еңбеккерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне Жамбыл медициналық колледжі студенттері қатысты. Жауапты: студенттер

кәсіподақ ұйымының төрайымы Н. Абдрахманова және құқық бұзушылықты алдын алу меңгерушісі Р.Усенов.



«Кітап рухани жаңғыру құралы» дәріс оқу



05.03.2019 ж. Колледж кітапхана меңгерушісі Н.Бегалиева мен библиограф Ералиева М, кітапханашы К.Маликаждарова ұйымдастыруымен «Coworking» оқу орталығында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының, «Рухани қазына» кіші бағдарламасы аясында «Кітап рухани жаңғыру құралы»

тақырыбында I курс студенттеріне ақын-жазушылардың А.Құнанбаев, М.Әуезов, Ж.Жабаев, Қ.Сағырбайұлының шығармалары мен өмірбаяндары таныстырылып, студенттерге сұрақтар қойылып, бейнефильм көрсетілді.



14.03.2019 ж. Колледждің «Coworking» оқу орталығында Наурыз мерекесіне орай «Наурыз мерекесі- бейбітшілік пен игіліктің бастауы» тақырыбында іс-шара өткізілді. Библиограф Ералиева М. наурыз туралы мағлұмат айтып өтті. Студент Н.Қалдыбаева наурыз туралы өлең оқып, студенттер өз ойларымен бөлісті. Қазақ

халқының дәстүрі көрісу туралы кітапханашы К.Маликаждарова баяндап берді. Студент Б.Смағұлов көрісу дәстүрі туралы өз ойын ортаға салды. Наурыз мейрамына және көрісу күніне байланысты шағын бейнефильмдер көрсетті.

Қолөнер көрмесі



19.03.2019 ж. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында I курс студенттері арасында «Ұлы даланың ұлы өнері» тақырыбында қолөнер көрмесі өткізілді. Көрме «Әлемнің жеті кереметі» секілді, қазақтың кең байтақ даласын мекен еткен

ежелгі көшпенді халықтың бүгінгі ұрпағының жеті кереметін: «Алтын адам», «Аң стилі», «Атқа міну мәдениеті», «Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы дала» көрінісін өздерінің жасаған шығармашылық қол өнерлерін көрсетіп таныстырды. Әділ қазы мүшелері: тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Мейрманова, «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Қалымбетова, тарих пәнінің оқытушылары Г.Иманалиева мен М.Жакипова. Байқау қорытындысы бойынша I орын-104 топ, II орын- 105, 101 топтар, III орын 104 топ студенті А.Бақай. Жеке қол жұмысы бойынша 107 топ студенті А.Забихулло, 111 топ студенті А.Арпабек, белсенді қатысқаны үшін 103, 107, 110 топтар марапатталды.

Қайырымдылық акциясы



26.03.2019 ж. «Жас Отан» жастар қанаты және колледж студенттерінің қатысуымен іргелі астанамыздың есімі «Нұр-сұлтан» болып ауысуын қолдап, арнайы челлендж түсірілді. Жауапты: студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова.



18.03.2019 ж. Колледж директоры Ж.Сарыбекованың қолдауымен 17 наурыз «Мейірім» күніне орай ата-ана қамқорлығынсыз қалған және мүгедек студенттерге қаржылай көмек көрсетілді. Жауапты: студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова.



16.03.2019 ж. «16 наурыз – Алас» күніне орай колледж студенттері және студенттер кәсіподақ ұйымы қорынан Ұлы Отан соғыс ардагерлеріне қаржылай көмек көрсетілді, яғни азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Жауапты: студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова, Ж.Бегалиев, М.Жакипова және колледж еріктілері.

Кездесу



19.03.2019 ж. «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Туберкулезге қарсы күрес» тақырыбында Жамбыл облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің маманы Смайлова А.С және Тараз қалалық қоғамдық денсаулық қорғау мекемесінің бас маманы Қалдықұлова Б.Д дәріс оқып, бейнероликтер көрсетті.